

Қамқоршылық кеңес отырысының Хаттамасы №2

**Өткізілген күні:** 18.12.2025 жылдың

**Өткізілген орны:** директордың кабинеті

**Қатысқандар:** мектеп директоры Г.Шонгалова, М.Рахимбекова қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері Бреншинова Т.С ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог Нурдиллаева М.Г.

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы.
2. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы (мектеп формасы, мектепке алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы).
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жұмыстары;
4. Аз қамтылған отбасыларға демеушілік көрсету.

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша:**

*Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы*

**Баяндамашы:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Олжабек Сайран баяндамада мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, сынып сағаттары, құқықтық түсіндіру әңгімелері, құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер, ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері атап өтілді. Кеңес мүшелері профилактикалық жұмысты жүйелі түрде жалғастыруды, тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыстарды күшейтуді ұсынды. Мектеп әкімшілігіне, әлеуметтік педагог пен психологқа құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру; Оқушылар мен ата-аналар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын (кездесу, әңгіме, тренинг) күшейту; Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің алдын алу шараларына қолдау көрсетуі ұсынылсын.

**2-мәселе бойынша:**

**Баяндамашы:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Имантаева Айбат К Мектепте оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауына бақылау мақсатында жоспарлы рейдтер жүргізілгені хабарланды. Рейдтер барысында мектеп формасын сақтамау және мектепке алып кіруге тыйым салынған заттарды алып келу деректерінің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Рейд қорытындысы бойынша оқушыларға және ата-аналарға ескерту жасалып, профилактикалық әңгімелер өткізілді. *Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы туралы*(мектеп формасы, мектепке алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы) Оқушылардың мектептің ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауын бақылауды күшейту;

Сынып жетекшілеріне тәртіп ережелерін оқушылар мен ата-аналарға тұрақты түсіндіріп отыру тапсырылсын; Тәртіп бұзудың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстарды жандандыру ұсынылсын.

**3-мәселе бойынша:** Жаңа жыл мерекесінге дайындық іс-шаралары.

**4-мәселе бойынша:** Жағдайы төмен отбасыларға демеушілік жасау. Әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасылардың тізімі нақтылансын;

Қамқоршылық кеңесі мүшелері мен демеушілер тарапынан қайырымдылық көмек көрсету ұйымдастырылсын;

Көрсетілген көмектің ашықтығы мен мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету тапсырылсын.

### Қаулы етілді:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке профилактикалық жұмысты күшейту.

2. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауына тұрақты бақылау ұйымдастыру.

Мектеп формасын сақтау және мектепке алып кіруге тыйым салынған заттардың алдын алу бойынша рейдтерді жүйелі жүргізу.

3. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жоспары бекітілсін;

Мерекелік іс-шараларды қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізу тапсырылсын;

Қамқоршылық кеңесі тарапынан мерекені ұйымдастыруға мүмкіндігінше қолдау көрсету ұсынылсын.


4. Әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасылардың тізімі нақтылансын;


Қамқоршылық кеңесі мүшелері мен демеушілер тарапынан қайырымдылық көмек көрсету ұйымдастырылсын;

Көрсетілген көмектің ашықтығы мен мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету тапсырылсын.

### Ұсыныстар:

- Қамқоршылық кеңесі мен мектеп ұжымының бірлескен жұмысын күшейту;
- Оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстау;
- Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға жүйелі түрде көмек көрсету тәжірибесін жалғастыру.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  М.Рахимбекова

Хатшы:  Койбагарова З.Т